

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

«19» 06 2025 ж.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылындағы
ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша Академиялық комитеттің құрамын бекіту туралы №183 25.09.2024 бұйрықтың негізінде төмендегіше бекітілді:

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1.	Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы, аға оқытушы	87759395725	АК төрағасы
2.	Джаздықбаева Мария Ботайқызы	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы, п.ғ.к., доцент	8775760760	АК мүшесі, академиялық персонал
3.	Халилаева Элмира Жақанқызы	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы, п.ғ.к., доцент	87711455169	
4.	Есетова Салтанат Махамбетовна	Алия балабақша меңгерушісі	87775327839	АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі
5.	Абдурахманова Севара Абдуғаниқызы	6В01202 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ-ның студенті	87072821033	АК мүшесі, білімгерлер өкілі
6.	Орынбасар Меруерт Бекбосынқызы	7М01202 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы ББ-ның магистранты	87762097648	

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша Академиялық комитеттің мәжілісінде талқыланып, төмендегіше бекітілді:

№	Орындалатын жұмыстар		Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау нәтижесі
1	1	АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, ББ даму жоспары (2024-2025 жж.) ;	2024 жыл, қыркүйек-қазан	АК төрағасы, мүшелері, кафедра ОПК	Жұмыс жоспары
	2	ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары			Мәжіліс хаттамасы
2	1	Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру	2024 жыл, қараша-желтоқсан	Кафедра меңгерушісі АК төрағасы, мүшелері	Мәжіліс хаттамасы
	2	ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (Магистратура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу).			
	3	ББ SWOT-талдау			
3	1	Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу, аккредитация есептерін даярлау.	2025 жыл, қаңтар-наурыз	Кафедра меңгерушісі, кафедра ОПК, АК төрағасы, мүшелері,	Мәжіліс хаттамасы

4	1	Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау.	2025 жыл, сәуір-мамыр маусым	АК төрағасы, мүшелері, Кафедра меңгерушісі	Мәжіліс хаттамасы
---	---	--	------------------------------	--	-------------------

Осы бекітілген жоспар бойынша төмендегіше жұмыстар атқарылды.

1. Академиялық комитеттің барлық мүшелері ережелермен, сол ережеге сүйеніп жасалған жұмыс жоспары таныстырылды. АК 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары бойынша ұсыныстарыңыз болса, ортаға салып талқыланды.

Академиялық комитет құрамы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасымен таныстырылды (<https://ayu.edu.kz/kz/2864/strategik-dokumanlar>).

ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізілді. Қыркүйек айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебінде АК жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту ұсыныстарының бір пунктінде ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту керек деген ұсыныс берілді. Сол себепті жаңа 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарында мониторингке арналған ұйымдастыру жұмыстары жоспарланды.

«Аккредиттеу рейтинг тәуелсіз агенттігіне» (АРТА) 6B01202–Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағыты бойынша жоспар жасалынып (**постмониторинг жоспары.docx**), есеп (**Отчет 6B012 - ДОВ 21.06.2024.docx**) берілді.

Сонымен қатар, 2025 жылы мамыр айында 7M01202 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша аккредиттеу мерзімі аяқталды. Сондықтан, осы ББ бағыты бойынша аккредитацияға дайындықтар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарында практика бағдарламаларына ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрығына сәйкес аудит ұйымдастырылып, мазмұнын жаңарту мәселелері айтылды. Кәсіби практика - білім алушының – оқу пәні дәрежесінде білім кеңістігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала.

Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғарғы білім беру жүйесінде білімгерлерді сәйкес мамандықтарға даярлауда жаңашылдықты талап етеді. Заманауи мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдыларын қалыптастыру туралы АК мүшелері өз пікірлерін білдірді.

2. АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды, мақсаты: ББ сапасын арттыру, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жұмыс берушілердің ұсыныстары мен пікірлерін талқылау арқылы бағдарламаны жетілдіру.

Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру төмендегідей кезеңдерден тұрды:

1. Дайындық кезеңі

- Жұмыс берушілердің тізімін анықтау және байланыс орнату.
- Іс-шараның күн тәртібін әзірлеу.
- Қатысушыларды шақыру және ақпараттандыру.
- Дөңгелек үстел өтетін орынды дайындау немесе онлайн платформа таңдау.
- Қажетті материалдар мен презентациялар дайындау.

2. Өткізу кезеңі

- Іс-шараны ашу және қатысушыларды таныстыру.
- ББ мазмұны бойынша жұмыс берушілерге қысқаша ақпарат беру.
- Жұмыс берушілердің ұсыныстары мен пікірлерін тыңдау.
- Ашық талқылау ұйымдастыру.

3. Қорытындылау кезеңі

- Жиналған пікірлерді сараптау.

- Ұсыныстар негізінде ББ-ны жаңарту бойынша жұмыс жоспарын құру.
- Қатысушыларға алғыс хаттар немесе сертификаттар табыстау.

Күтілетін нәтижелер:

- Жұмыс берушілерден ББ сапасына қатысты нақты ұсыныстар алу.
- Түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдарын анықтау.

ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (магистратура деңгейіндегі ББ талқылау, жаңарту немесе қолданыстан шығару) жұмыстары үздіксіз жүргізді. Бұл процестер оқу бағдарламаларының заманауи талаптарға сәйкес болуын және жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған. ББ талдау бойынша атқарылған талқыланды:

7M01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламасы қазіргі таңда өзектілігін жоғалтпайды. Бұл бағдарлама педагогикалық қызметті шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыра алатын, ғылым мен тәжірибенің заманауи деңгейінде шешім қабылдайтын, жоғары кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталады.

Бағдарлама аясында магистранттар ғылыми және педагогикалық бағытта терең білім алып, мектепке дейінгі білім беру саласындағы күрделі міндеттерді шешуге үйренеді. Бұл білім беру бағдарламасы жоғары оқу орындары жүйесінде, ғылыми-зерттеу құрылымдарында жұмыс істей алатын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі мазмұны:

1. Академиялық кредит саны – 120.
2. Пәндер базалық пәндер (БП), бейіндеуші пәндер циклі, ғылыми зерттеу жұмыстары және қорытынды аттестаттау сияқты төрт негізгі циклға бөлінеді.
3. Әрбір пән магистранттардың теориялық және тәжірибелік білімдерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты:

- Мектепке дейінгі білім беру саласында жоғары кәсіби біліктілікке ие мамандарды даярлау.
- Педагогикалық қызмет саласындағы міндеттерді ғылыми негізде шешу.
- Заманауи талаптарға жауап беретін, қоғам үшін пайдалы мамандарды қалыптастыру.

Жұмыстарды ұйымдастыру:

- Бағдарламаның сапасына байланысты тұрақты мониторинг жұмыстары жүргізіледі.
- Ғылыми зерттеу жұмыстары магистранттардың болашақта ғылыммен айналысуына мүмкіндік береді.
- Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда халықаралық стандарттарға сәйкестік ескеріледі.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылындағы талқылау нәтижелері бойынша 7M01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламасы мазмұны өзгеріссіз қалды. Бағдарлама қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келеді және магистранттарды даярлаудың барлық қажеттіліктерін қамтиды.

Қорытындылай келе, білім беру бағдарламасы оқу және ғылыми процестердің тиімділігін қамтамасыз етеді. Алдағы оқу жылдарында бұл бағдарлама бәсекеге қабілетті, жоғары кәсіби мамандарды даярлауды жалғастырады.

7M01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының SWOT-талдау жасалынды:

Strengths (күшті жақтары)	Weaknesses (әлсіз жақтары)
- университеттің академиялық еркіндігінің жүзеге асырылуы; - ПОҚ-ның ғылыми дәрежелілігінің жеткілікті деңгейі; - дуальды оқыту жүйесінің болуы («Алия» бөбекжай-балабақшасы, («Балдырған» бөбекжай-балабақшасы); - түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары деңгейі; - кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда	- мамандық бойынша соңғы 10 жылда баспадан шыққан оқу құралдарының жеткіліксіздігі; - Қазақстандық ЖОО-да және шетелдік ЖОО-да ПОҚ-ның академиялық ұтқырлықпен дәріс оқу көрсеткішінің төмендігі және білімгерлердің академиялық ұтқырлық бағдаламасының орындалу деңгейінің төмендігі; - халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы

мақалаларының жариялануы; - Интернет желісінің қолжетімділігі; - университет кітапханасының оқу, оқу-әдістемелік құралдармен, оқу залдарының компьютермен жабдықталуы, қызметкерлерінің заманауи қызмет көрсетуі; - Орхун бағдарламасы негізінде Түркия Республикасынан 2 студент және Қырғызстаннан 3 студент академиялық ұтқырлықтан өтуі; - БББ бойынша Түркия профессорының дәріс өтуі.	(қосдипломдық білім); - шет тілдерін меңгерудің төмен деңгейі; - ғылыми жобалардың болмауы; - тұрақты кадрлардың қартаю тенденциясы, (орта жасы - 50 жас) және жас кадрлардың тапшылығы; - алыс және жақын шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықтың төмен деңгейі.
Opportunities (мүмкіндіктер)	Threats (қауіптер)
- мамандық түлектеріне сұраныстың болуы; - алыс және жақын шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнату және кадрларды даярлау, тағылымдамадан өту мүмкіндігі; - гранттық ғылыми байқауларға белсенді қатысу мүмкіндігі; - мамандық бойынша баспадан оқу, оқу-әдістемелік құралдарын шығару мүмкіндігі; - шетел тілдерін оқып үйрену мүмкіндігі (түрік, ағылшын, орыс); - білімгерлер және ПОҚ-ның Мевлана, Орхун, Эрасмус бағдарламалары шеңберінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы.	- нарықтық қатынаста жоғары білім беру саласында бәсекелестіктің болуы.

3. 6B01222 – Мектепке дейінгі білім беру (IP) білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныстар беру қажеттілігі айтылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде 6B01222 – Мектепке дейінгі білім беру (IP) білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім берудегі зерттеу және шығармашылық модуліне «Ерте және мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік-құқықтық қорғанысы» пәнінің орнына «Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру» пәнін енгізу ұсынылды.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сондықтан болашақ мамандардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастырып, нәтижеге бағытталған мақсаттарды қалыптастыратын және дамытатын процесс болуы қажет. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде 6B01222 – Мектепке дейінгі білім беру (IP) білім беру бағдарламасына енгізілетін өзгерістер білім беру жүйесінің дамуына ықпал етіп, болашақ мамандардың жаңа идеялармен және заманауи әдістемелермен жұмыс жасауына негіз болды.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге көшу барысында болашақ мамандардың мемлекеттік стандартта көрсетілген нәтижелерге жетуінде кәсіби шеберлікті меңгеру, зерттеу біліктері мен дағдыларының дамуы маңызды рөл атқарады. Бүгінгі талқыланып отырған өзгерістер болашақ мамандардың құзыреттіліктерін жетілдіруге ғана емес, сондай-ақ оларды үнемі оқып-үйренуге және өзін-өзі дамытуға бағыттайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау процедурасын ұйымдастыру және өткізу стандарттары мен критерийлері негізінде

аккредитацияға арналған есеп дайындалды. Бұл есеп білім беру бағдарламасының сапасын бағалау, оны жетілдіру және аккредитация талаптарына сәйкестігін көрсету мақсатында әзірленді.

Жұмыс тобының мүшелері есепті даярлау барысында бағдарламаның академиялық мазмұнын, білім алушылардың жетістіктерін, оқытушылар құрамының біліктілігін, материалдық-техникалық базаны және білім беру процесінің ұйымдастырылуын жан-жақты талдады.

Жұмыс тобының тізімі:

№	Ф.И.О.	Ғылыми дәрежесі	Лауазымы
1	Куралбаева А.А	PhD, доцент	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы
2	Рысбекова А.Қ.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедра меңгерушісі
3	Джаздықбаева М.Б.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
4	Жумадуллаева А.А.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
5	Кайбулдаева Г.А	к.п.н., доцент	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
6	Мейірбекова Г.П.	PhD	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы
7	Халилаева Э.Ж.	-	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы

Жұмыс тобы есептің құрылымын стандарттарға сәйкестендіріп, қажетті құжаттарды жинақтап, білім беру бағдарламасының сапасын дәлелдейтін талдаулар жүргізді. Бұл жұмыс аккредитациялау рәсімінің талаптарын толық орындауға бағытталған.

4. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының маңыздылығын ерекше аталып, бұл процедуралар білім беру бағдарламаларының сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Университеттің ішкі сапа жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын сыртқы сапа бақылау механизмдері тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерімен, атап айтқанда, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) арқылы жүргізілді. Сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс, сонымен бірге әрбір бөлімшенің өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ, ол осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысты.

Сапа көрсеткіштерінің нәтижелері талданды: өткен оқу жылындағы постмониторинг нәтижелеріне тоқталды, талдау барысында білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі, студенттердің оқу жетістіктері, олардың практикадан өту барысы және оқытушылар құрамының кәсіби дайындығы қарастырылғаны айтылды. Нәтижесінде, білім беру сапасын арттыру үшін келесі маңызды бағыттарға ерекше назар аудару қажеттігі анықталды: студенттердің оқу тәжірибесін жетілдіру және практикаға бағыттау, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру, білім алушылардың пікірін жинақтап, оларды оқу үрдісіне тиімді енгізу. Ол білім беру сапасын арттыру – бұл үздіксіз және жан-жақты үрдіс екенін, барлық ұсыныстар жүйелі түрде енгізілді.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету бойынша есеп дайындау жұмыстары туралы кафедра меңгерушісі А.К. Рысбекова: Аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек екенін, бұл құжаттың сапаны дәлелдейтін маңызды ресми құжат екенін айтты. Есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық база, сондай-ақ білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты

қарастырылуы тиіс. Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, нақты мерзімдер белгіленуі қажет деп шешілді. Бұл топ есептің сапалы әрі уақытылы дайындалуына жауапты болады.

Жұмыс беруші өкілі, «Алия» балабақша меңгерушісі Есетова Салтанат Махамбетовна: ол қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың талаптары күрделеніп, кәсіби мамандардан біліктілік пен құзыреттіліктің жоғары деңгейін талап ететінін атап өтті. Сондықтан білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету және оның түлектердің еңбек нарығындағы сұранысына сай болуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс берушілердің ұсыныстары есепке алынуы өте маңызды. Бұл ұсыныстар студенттердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және олардың үнемі өзін-өзі дамытуға бағытталады

**Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
бағыты бойынша академиялық
комитет төрағасы**



Жумадуллаева А.А.